## Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялау нормаларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 12 маусымдағы № 32/07 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 19 маусымда № 3277 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 2016 жылғы 4 наурыздағы № 13/02 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 04.03.2016 № 13 /02 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 "Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11094 болып тіркелген) сәйкес, Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Төмендегі:

1) басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес;

2) басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары (1 гектарға және (немесе) 1 тоннаға) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялау нормаларын белгілеу туралы" Қарағанды облысы әкімдігінің 2014 жылғы 22 шілдедегі № 37/01 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінді № 2701 болып тіркелген, 2014 жылғы 13 тамыздағы "Әділет"

ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2014 жылғы 5 тамыздағы № 135 (21656) " Индустриальная Караганда" және 2014 жылғы 5 тамыздағы № 146 (21780) " Орталық Қазақстан" газеттерінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| Қарағанды облысының әкімі | Н. Әбдібеков |

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі
_____________ А. Мамытбеков
15 маусым 2015 жыл

| | |
|---|---|
| | Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 12 маусымдағы № 32/07 қаулысына 1-қосымша |

## Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі

| р/н № | Басым дақылдардың атауы |
|---|---|
| 1 | арпа |
| 2 | сұлы |
| 3 | масақ қоспасы (бидай және арпа;* арпа және сұлы**) |
| 4 | дәнді-бұршақ дақылдар |
| 5 | жармалық дақылдар (қарақұмық) |
| 6 | біржылдық шөптер |
| 7 | көпжылдық шөптер |
| 8 | сүрлемдік жүгері |
| 9 | майлы дақылдар (күнбағыс, шашақты зығыр, мақсары) |
| 10 | |

| | |
|---|---|
| | көкөністік - бақша дақылдары |
| 11 | 1 жылы тамшылатып суару жүйесін қолданып өсірілген көкөністік - бақша және картоп дақылдары ( қорғалған топырақ жағдайында өсірілетіндерден басқасы) |
| 12 | 2 жылы тамшылатып суару жүйесін қолданып өсірілген көкөністік - бақша және картоп дақылдары ( қорғалған топырақ жағдайында өсірілетіндерден басқасы) |
| 13 | қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдары (өнеркәсіптік жылыжай кешендері) |
| 14 | қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдары (фермерлік жылыжайлар) |
| 15 | картоп |

* азыққа

** пішендемеге

| | |
|---|---|
| | Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 12 маусымдағы № 32/07 қаулысына 2 қосымша |

# Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары (1 гектарға және (немесе) 1 тоннаға)

| р/н № | Басым дақылдардың атауы | 1 гектарға бюджеттік субсидия (базалық) нормалары, теңге |
|---|---|---|
| 1 | арпа | 2 500 |
| 2 | сұлы | 2 500 |
| 3 | масақ қоспасы (бидай және арпа;* арпа және сұлы**) | 2 000 |
| 4 | дәнді-бұршақ дақылдар | 2 500 |
| 5 | жармалық дақылдар (қарақұмық) | 2 500 |
| 6 | біржылдық шөптер | 8 000 |
| 7 | көпжылдық шөптер | 8 000 |
| 8 | сүрлемдік жүгері | 10 000 |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | майлы дақылдар (күнбағыс, шашақты зығыр, мақсары) | 3 000 |
| 10 | көкөністік - бақша дақылдары | 20 000 |
| 11 | 1 жылы тамшылатып суару жүйесін қолданып өсірілген көкөністік - бақша және картоп дақылдары (қорғалған топырақ жағдайында тағы өсірілетіндерден басқасы) | 80 000 |
| 12 | 2 жылы тамшылатып суару жүйесін қолданып өсірілген көкөністік - бақша және картоп дақылдары (қорғалған топырақ жағдайында өсірілетіндерден басқасы) | 30 000 |
| 13 | қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдары (өнеркәсіптік жылыжай кешендері) | 4 000 000 |
| 14 | қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдары (фермерлік жылыжайлар) | 1 960 000 |
| 15 | картоп | 4 500 |

* азыққа

** пішендемеге

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК